

Астана қаласы әкімдігінің «І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ақан Сері к-сі, 22 үй. Индекс: 010000, Электрондық почта: mektep58_edu@mail.kz байланыс тел: +77770013618. Педагог-ұйымдастырушы бос лауазымына конкурс жариялайды.

Функционалды міндеттері:

1. Жеке тұлғаның дамуына, білім алушылар (тәрбиеленушілер, балалар) таланттары мен қабілеттерін шыңдап, жалпы ортаны және соған сәйкесінше мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) жас және психологиялық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерделейді, оларды шығармашылық қызметтің әр түрлі түрлерінде іске асыру үшін жағдай жасайды.

3. Оқу-тәрбие, сабақтан тыс іс-шаралар жоспарын жүзеге асырумен айналысады.

4. Балалар клубтарының, үйірмелердің, секциялардың және басқа да әуесқой бірлестіктердің жұмысын, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) және ересектердің әртүрлі жеке және бірлескен қызметін ұйымдастырады.

5. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға құқықтарын іске асыруға ықпал етеді.

6. Әлеуметтік-мәдени іс-шараларды: кештерді, мерекелерді, жорықтарды, экскурсияларды ұйымдастырады, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) бос уақыты, бос уақыты және ойын-сауық саласындағы әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды.

7. Білім алушылармен (тәрбиеленушілермен, балалармен) жұмыс істеуге мәдениет және спорт мекемелерінің қызметкерлерін, ата-аналарды, жұртшылықты тартады.

8. Балалар кооперативтеріне, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) еңбегін ұйымдастырудың өзге де нысандарына қолдау көрсетеді.

9. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) каникулдық демалысын ұйымдастырады, әлеуметтік-мәдени іс-шараларды өткізу кезінде білім беру процесі кезеңінде олардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болады.

Орташа айлықақы: 200 000

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Тиісті бейін бойынша балалар мен ересектерге қосымша білім беруде ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет саласында жоғары педагогикалық білімі бар, жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды;

Балалар мен ересектерге қосымша білім беруде ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет саласында жоғары білімі (бакалавриат) және қосымша

кәсіптік білімі, сондай-ақ қосымша білім беру педагогының кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығының 106 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау, конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні 2024 жылғы 24 қыркүйек пен 5 қазан аралығында жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды қағаз түрінде жолдайды:

- 1) Нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) “Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).
- 10) Нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.